



ҚАЗАҚ

УНИВЕРСИТЕТІ

№ 06 (1339) 31-қазан, 2005 жыл



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

Сайлау - 2005



Университеттің Бірінші проректоры Зұлхайыр Аймұханбетұлы Мансұров жиынды кіріспе сөзбен ашып, жиынға қатысушыларды Бостандық аудандық қоғамдық штабының басшыларымен, Президенттікке кандидат Н.Ә. Назарбаевтың сенімді өкілдерімен таныстырды. Жиналыста сөз алған – философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, философия және саясаттану факультетінің деканы Ғарифолла Есім, Ардагерлер Кеңесінің мүшесі Алексей Васильевич Соловьев, Студенттер Сенатының мүшесі Сәбит Мотиев, журналистика факультетінің деканы,

ЖАСТАР ЕЛБАСЫН ҚОЛДАЙДЫ

Қазан айының 27-жұлдызында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми Кеңесінің мәжіліс залында университет ұжымы мен студенттер қауымының ҚР Президенттігіне кандидат Н.Ә. Назарбаевты қолдауға арналған жиыны өтті.

филология ғылымдарының докторы, доцент Бауыржан Жакып, тарих ғылымдарының докторы, профессор, халықаралық қатынастар факультетінің деканы Қуралай Байзақова, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қылмыстық процестер мен сот билігі кафедрасының меңгерушісі Калимұлла Халиков, геология ғылымдарының докторы, Метрология кафедрасының меңгерушісі Владимир Чередниченко және аталмыш университет студенттері алдағы сайлауда ҚР қазіргі Президенті Н.Ә. Назарбаевтың кандидатурасын бірауыздан қолдайтындықтарын жеткізді. Атап айтар болсақ, заң факультетінің №18

жатақханасының студенттер кеңесінің төрайымы Шынар Несіпбаева: “Тәуелсіздікке ие болған он бес жыл ішінде мемлекетіміздің өркениетті өзге елдермен терезесі тең мемлекет ретінде танылуы Елбасымыздың сыртқы саясаттағы іскерлігін көрсетсе, университетімізде болып жатқан оң өзгерістер Президентіміздің студент-жастарға деген қамқорлығын білдіреді. Мен көзі ашық, көкірегі ояу азамат ретінде өз дауысымды Н.Ә. Назарбаевқа беремін”, -десе, халықаралық қатынастар факультетінің 4-курс студенті Асқар Көкеев: “Біздің бүгінгі өмірімізде жеткен жетістіктеріміздің барлығы Елбасымыз



жүргізіп отырған саясаттың арқасы. Жасым он сегізге толмаса да Н.Ә. Назарбаевқа дауыс беретін адамдармен шын жүрегіммен бірге боламын!” - деген жалынды сөздерімен залда отырған жастарға рухани серпін берді. Жиын соңында университет ұжымы мен студенттер қауымы алдағы сайлауда ҚР Президенттігіне үміткер Нұрсұлтан Әбішұлының кандидатурасын қызу қуаттап, бірауыздан қолдауға шешім шығарды.

Жансая СЕРҒАЗЫҚЫЗЫ

Жатақхана

Студкеңес жұмысындағы жаңа серпін



Жуырда, нақты айтар болсақ 27 қыркүйек күні Ғылыми Кеңес мәжілісінде университет ректоры биылғы жылы жатақханадағы студенттер кеңесінің жұмысын жандандыру керек екендігін айтқан еді. Осы орайдағы алғашқы қадам Тіл және тәрбие саласының қызметкерлері тарапынан университеттің барлық жатақханаларын аралап, ондағы студенттік кеңестермен кездесу өткізу ретінде басталып та кетті. Нақтырақ айтар болсақ, жатақханаларды аралаудың алдын ала графигі жасалып, соған сәйкес 5 қазан мен 20 қазан аралығында 13 факультеттің тіршілік жайымен танысып қайту көзделді.

(Жалғасы 3-бетте)

Жолдау

Қазанның 18-і күні ҚР Президентінің халыққа Жолдауын талқылау мақсатымен, ҚазҰУ студенттерінің Алматы қаласының прокуроры, қарашаңырағымның түлегі Ж.Ы. Байтұқбаев мырзамен кездесуі өтті. Бұл кездесуге ұстаздар мен студенттер қауымы үлкен қызығушылық танытып, сөйлеушінің әрбір сөзін зейін қойып тыңдады. Прокурор мырза сөзінің басында өз қызметіне тоқталып өтті.

Прокурормен өткен кездесу



Бұдан кейін жалпы қоғамда болып отырған құқықтық құбылыстарға да көзқарасын айқын білдірді. Жаксылық Ысқақұлы Алматы қаласы жастарының арасындағы қылмыстың деңгейі және онымен күресу амалдарының тиімділігі жөніндегі өз ойларын ортаға салды. Ұстаздар ұжымының студенттерді тәрбиелеудегі ерекше рөліне тоқтала кеткен ол, осындай кездесулердің маңыздылығына жоғары баға берді.

Сұрақ-жауап бөлімінде ұстаздар мен студенттер қонағымызға көкейкесті сауалдарын қойып, толыққанды жауап ала алды. Кездесуді қорытындылаған ректорымыз прокурор Жаксылық Ысқақұлының зор тәрбиелік мәні бар сұхбаты үшін алғыс білдіріп, қонағымыздың көсіптік жағынан ғана емес, сонымен қатар адам ретінде де жан-жақты тұлға екенін айтып өтті. Кездесу соңында бұрынғы түлегіміз Ж.Ы. Байтұқбаевты ректорымыз Т.Ә. Қожамқұлов мырза “ҚазҰУ-дың озық түлегі” атты медалімен марапаттады.

Ғалымжан СЕРІМ

САНДА:

БҮГІНГІ

Ауыз бекіткен студенттердің

САУАБЫН АЛДЫ



2-бет

ОН ФИЗИК,
К СТРОКЕ ПРИКИПЕВШИЙ,
И ЛИРИК,
ВЛЮБЛЕННЫЙ В СТРУНУ...



4-5 стр.

Пікір-сайысшылар әлемі



6-бет

Ұлы Абайды ардақтаған кеш



7-бет

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

2005 жылғы 27 қыркүйектің 27-сі, сейсенбі күні Ғылыми Кеңестің осы оқу жылындағы алғашқы мәжілісі өтті. Онда ҚазҰУ ректоры Т.Ә. Қожамқұловтың 2004-2005 оқу жылындағы университет қызметі және ұжымның жаңа оқу жылындағы міндеттері жөніндегі баяндамасы тыңдалды.

Сондай-ақ, Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор Ж.Д. Дәдебаев қосымша баяндама жасап, жазғы емтихан сессиясының қорытындысы туралы айтып өтті. 2005 жылғы қабылдау комиссиясы жұмысының қорытындысы жөнінде Қабылдау комиссиясының жасапты хатшысы Б.М. Мұхамедиев хабарлама жасады.

Сонымен қатар, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың көркемөнерпаздар үйірмелеріне, мәдени іс-шараларына және спорттық өміріне белсенді қатысып жүрген күндізгі бөлім студенттеріне шакіртақы тағайындау жөнінде Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор А.И. Купчин мен Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Н.О. Омашевтің хабарламасы тыңдалды.

РЕКТОРАТ

2005 жылғы 11 қазанда өткен Ректорат мәжілісінде ҚазҰУ-дың профессор-оқытушылар құрамын конкурс арқылы жұмысқа қабылдау нәтижелері жөнінде Бірінші проректор З.А. Мансұровтың хабарламасы, Қазақстан Республикасының “Мемлекеттік сатып алу туралы” Заңының жүзеге асырылуы жөнінде маркетинг және мемлекеттік сатып алу бөлімінің бастығы Е.Б. Қаппаровтың ақпары тыңдалды.

Ректорат Қаулыларының орындалу барысын қадағалау мәселесі бойынша, 2005 жылғы “Кафедралардың жылдық шектеулі педагогикалық жүктемесі туралы” оқу бөлімінің бастығы А.М. Байділдинаның ақпары айтылды.

Рәсім

11 қазан күні Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде “Қазақстан Республикасының экономика саласындағы жетекші мамандарының біліктілігін көтеру курстарын” тәмамдағанын растайтын куәліктер салтанатты түрде табыс етілді.

Куәліктерді салтанатты түрде табыстауға Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігінің вице-министрі К.М. Айтекенов, “Туран-Профи” Академиясының ректоры М.Е. Омаров, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Бірінші проректоры З.А. Мансұров, сондай-яқ Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігінің департамент директоры М.М. Боранғалиева қатысты.

Мамандар
біліктілігі
артып
КЕЛЕДІ

Аталған жоба осыдан 5 ай бұрын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де Қазақстан Республикасының Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігімен және Халықаралық “Туран-Профи” кәсіптік Академиясымен бірлесіп, Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдар аралығында индустриалды-инновациялық Стратегиясын жүзеге асыру үшін мамандар дайындау және Қазақстан Республикасының үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының арасындағы 2003 жылдың 4 желтоқсанындағы экономика саласындағы жетекші мамандарды дайындау туралы ынтымақтастық Келісімі аясында жүзеге асырылған болатын.

Бұл жобаны жүзеге асыру үшін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кездейсоқ тандалып алынған жоқ. ҚазҰУ ғалымдары халықаралық жобаларды жүзеге асыруға қатысып, әлемнің ірі университеттерінде стажировкалардан өтіп отырады. 2004 жылдың өзінде ғана



университет ғалымдары халықаралық ғылыми ұйымдар, қорлар, Қазақстандағы шетел елшіліктері мен өкілдіктерінің бағдарламаларының гранттары бойынша 57 ірі ғылыми жобаларға қатысқан. Бұдан басқа, ҚазҰУ Германияның бірнеше университеттерімен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойған.

Бүгінгі күні өзара ынтымақтастықтың бірінші кезеңі табысты аяқталды. Курс тыңдаушыларын оқыту үшін ең жаңа әдістер қолданылды: тренингтер, іскерлік ойындар. Барлық оқу курстары тыңдаушылардың кәсіби қызметіне бағытталған қолданбалы сипатқа ие болды. Аталған жобаның тағы бір ерекшелігі – үздік тыңдаушылар Германияда тәжірибеден өте алады. Дәл қазіргі уақытта Германияға бару үшін 20 адам байқаудан өткізілді. Ондай мүмкіндікке өз өндірісі саласында болашағы зор бизнес-жоспар жасаушылар, неміс тілін меңгергендер ие болды.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

“Еуразия” кинофестивалі

Жуырда Алматыда Екінші Халықаралық “Еуразия” кинофестивалі өтті. Қыркүйектің 26-сы мен қазанның 2-сі аралығында өткен конкурс барысына Қазақстан, Ресей, Түркия, Үндістан, Жапония, Испания, Германия, Италия, Корея, Қырғызстан, Өзбекстан және тағы басқа мемлекеттердің соңғы жылдары түсірілген кинотуындылары ұсынылды.



Бір аптаға созылған фестиваль фильмдерін тамашалауға арналған шақыру билеттерін ҚазҰУ студенттері де иемденіп, түрлі елдердің киноөнерімен жақынырақ танысуға мүмкіндік алды. Әсіресе, университеттің жастар ұйымдары бірлесіп барған Оңтүстік Кореяның “Бейкүнә қадамдар” фильмі жастарға ой салып, ортақ талқылау арқауына айналды.

Жанар ӘБДІҚАДЫРОВА

Ауыз бекіткен студенттердің
САУАБЫН АЛДЫ

Рамазан айының 17 күні, яғни 21 қазанда ҚазҰУ-дың тамақтандыру комбинатында студент жастарға ауызашар берілді. Жыл сайын дәстүрге айналған бұл игі шара биыл да университет басшылығы мен “Парасат” кәсіподағының ұйымдастыруымен жалғасын тапты.



Сағат 18.00-ден 10 минут кетті. Осы мезетте ҚазҰУ ректоры, ф.ғ.д., Т.Ә. Қожамқұлов мырза өзінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.О. Омашевпен, Қазақстан Діни басқармасының мүфтиінің көмекшісі Сүлеймен қажы және “Парасат” кәсіподағының төрайымы М. Мұқашевамен бірге ауызашар өткелі жатқан банкет залына кіріп келді. Бес минуттан соң, университет басшысы бастаған барша жиыналған жұрт ниеттеніп, ауыз ашты.

Қасиетті Рамазанның орбірі кешінде өдетке айналғандай, жастарға Сүлеймен қажы қарапайым, ұғынық-

ты тілмен Ислам жөнінде онегелі уағыз айтты. Сонымен қатар, Төлеген Әбдісағиұлы да өз студенттеріне деген ізгі жол – білім жолы жөнінде мазмұнды өңгіме-дүкен құрды.

Биылғы ауызашардың ерекшелігінің бірі, ораза ұстаған студенттер бұған дейін тамақтандыру комбинатының 3-қабатында орналасқан жалпы залына жиналса, осы жолы 1-қабаттағы жаңадан жасақталған банкет залына шақырылды. Бұл да болса дәулетіміздің көтерілгенінің белгісі болса керек. Дәл осы секілді өзге де бірқатар ерекшеліктер мен он

өзгерістер жөнінде студенттер атынан сөз алған филология факультетінің 3-курс студенті Абылай Қалназаров пен журналистика факультетінің 1-курс магистранты Алма Сайлауқызы айтып өтті.

Осылайша, 300-ге жуық студенттің басы бір дастархан басында жиналып, бірлік пен ынтымақтастықтың белгісін танытты. Дәстүрлі ауызашар дастарханынан студент жастар жүректерін иман нұрына толтырып шыққандай болды.

Баян САЙДАЛИНА

Семинар

ЕСЕПТЕУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН
ЖЕТІЛДІРУ

Ағымдағы жылдың 26-29 қыркүйегінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің механика-математика факультетінің Ғылыми-зерттеу институтында есептеу ғылымдары мен жоғары өндірісті есептеулер бойынша 1-ші Қазақстан-Германдық семинар өтті.

Бұл семинардың мақсаты – есептеу ғылымдары саласындағы соңғы жетістіктерді талқылау, сонымен қатар Қазақстан мен Германия ғалымдары арасында тығыз қарым-қатынасты дамыту болып табылады.

Аталған іс-шараға Германияның өртүрлі университеттерінің ғалымдары, сонымен қатар қазақстандық ғалымдармен көп жылдан бері тығыз қарым-қатынастағы Новосібір



ғылыми орталығының зерттеушілері де қатысты. Еуропада және өлем бойынша математика орталығы болып саналатын Гейдельберг университетінің өкілдерінің осы жерден табылуы семинар маңызын арттыра түсті. Семинарға қатысушылар арасында Ресейдің белгілі математигі, Есептік технологиялар Институтының директоры, Ресей Ғылым академиясының академигі Ю.И. Шокин,

Гейдельбергтегі ежелгі еуропалық университеттің ірі ғалымы, осы университеттің Пәнаралық орталығының директоры, профессор Ю. Варнатц та болды.

Қазақстанда бүгінгі күні пәрменді түрде шешуді қажет ететін өзекті, маңызды проблемалар мұнай және газ, сонымен қатар экология, метеорология және басқа да салаларда көптеп кездеседі. Есептеу технологияларын жетілдіру мен соңғы үлгідегі қуатты машиналарды қолдану аталған проблемаларды шешуге көмектесері анық.

Семинар жұмысына екі елдің жас ғалымдары, сондай-ақ біздің университеттің аспиранттары мен магистранттары қатысты. Семинар қорытындысында қазақстандық және германдық ғалымдар арасындағы ынтымақтастықтың нақты бағыттары анықталып, Германияның алдыңғы қатарлы университеттерімен PhD біріккен бағдарламаларын ұйымдастыруға нақты қадам жасалды.

Алма САЙЛАУҚЫЗЫ

Таным

ЕКІНШІ ҚАСЫМЖАНОВ ОҚУЛАРЫ

Ағын Хайроллаұлы шын мәніндегі философ еді. Ол ежелгі дәуірден бастап, жиырмасыншы ғасырдың соңына дейінгі қазақ философиясының тарихын зерттеді. 1975 жылы А. Қасымжановтың бастамасы және тікелей қатысуымен Әл-Фарабидің 1100 жылдығына арналған халықаралық /Мәскеу – Алматы – Бағдал/ конференция өтті. Ол отандық философиялық мектептің данқын арттыра отырып, философия ғылымының ең өзекті мәселелерін шешуде алдыңғы қатарда болды. Оның қолдауымен және жетекшілігімен 70-тен аса аспирант пен мен 7 докторант диссертацияларын қорғап шықты. А.Қасымжанов Бостонның, Оклохаманың, Тегеранның университеттерінде дәріс оқып, жас философтардың өртүрлі дәрежедегі ғылыми конференцияларын ұйымдастырды.

Халықаралық ғылыми конференцияда “Қазақ және түрік философия тарихын зерттеудің өзекті мәселелері”, “Мәдениет және ойлау”, “Диалектиканың өзектілігі”, “Әлеуметтік танымның методологиялық мәселелері” атты секциялар жұмыс істеді.

Конференция жұмысына Греция Республикасының ҚР төтенше және өкілетті елшісі Х. Контонунисос, Литва Республикасының ҚР төтенше және өкілетті елшісі доктор Р. Високавичюс, Нұр-Мүбәрақ Египет ислам мәдениеті университетінің ректоры, профессор М.Ф. Хижази және Иран Ислам Республикасының ҚР елшілігіндегі мәдениет мәселелері бойынша кеңесшісі Хасан Сафархани және Қазақстанның белгілі ғалымдары мен ҚазҰУ-дың профессорлары, аспиранттары, оқытушылары қатысты.

“Қасымжанов оқуларын” өткізу Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультеті мен философия және әлеуметтік таным методологиясы кафедрасының ғылыми дәстүріне айналып отыр.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

(Басы 1-бетте)

Казан айының 5-і күні университеттің Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректордың орынбасары Г.Ә. Сәрсенбекова, тәрбие бөлімінің бастығы М.Ә. Атишабарова, студенттер кеңесінің жұмысын үйлестіруші А.Ж. Жабықпаева мен бөлім қызметкері Т. Салкеева, университет тәртіп сақтау жасағының жетекшісі Ж. Есенбек және тағы басқа белсенді студенттер тобы бірлесіп, филология факультетінің №17 жатақханасына келді. Факультет деканы К. Әбдезұлымен бірге студенттер кеңесінің жұмыс орнын және оқу залын көріп шыққан олар, жатақхана тұрғындарының бөлмелерін аралап көруге де ниет танытты. Бұдан кейін жатақхананың студенттік кеңес мүшелері 5-қабаттағы арнайы жабдықталған мәжіліс залында жиналған кеңестің толық құрамымен қысқаша таныстырып, алдағы жоспарлары мен өткізіліп жатқан іс-шаралары туралы мәлімет беріп өтті. Студенттер кеңесінің жетекшілігімен 1-қабаттағы фойеде денсаулық бұрышы, хабарландыру, тұрғындардың толық тізімі, кеңес ережесі және студенттер кеңесінің фотоальбомдары жаңартылып үлгерілді. Бұл жатақханадағы тұрғындардың көбі қыздар екенін мақтаныш ететін мәдениет секторы Нүридин филология факультеті «университетіміздің гүл шоғы» деп бекер айтылмайды дейді. Мұнда өтетін іс-шаралардың барлығына ұлттық оң беріліп отыратыны байқалды.

Алма САЙЛАУҚЫЗЫ

СТУДКЕҢЕС ЖҰМЫСЫНДАҒЫ жаңа серпін

6 қазан күні шығыстану мен халықаралық қатынастар факультетінің № 8 жатақханасындағы студенттер кеңесін аралаудың сәті түсті. Биылғы жылы жатақхана күрделі жөндеуден өткені белгілі. Сондықтан бұл жатақхана тұрғындары келген қонақтарды көтеріңкі көңіл күйде, салтанатты түрде, табалдырықта лента кесу рәсімімен қарсы алды. Екі факультеттің декандары Қ.Е. Байзақова мен Н.А. Алдабек биылғы жылы факультет жатақханалары қажет заттармен толық қамтылғанын айтты. Кеңес төрағасы М. Қасенов өздеріне бөлінген жаңа бөлмелерімен және атқарылатын жылдық жоспары жөнінде кеңінен сөйлесіп берді. Бұл жатақханадағы студенттер кеңесіндегі елеулі жаңалық, биылғы оқу жылында кеңес құрамына негізінен ең белсенді деген бірінші курс студенттері тартылды.

7 қазан күні биология факультетінің № 7 жатақханасының студенттер кеңесі Тіл және тәрбие саласының қызметкерлеріне өздерінің жұмыстарын таныстырды. Өзіндік ерекшеліктерімен көзге түскен бұл ұжымның ажарқын көңіл күйі мен жұмыс істеуге деген құлшынысы келген қонақ-

олардың барлық іс-шараларға қатысуын, бөлмелерінің таза болуын қадағалау екенін әркім жақсы ұғынатыны қуантты.

Десек те, әр студент кеңесінің жұмыс жүргізу әдістері, өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, география факультетінің студенттер кеңесінің өз үйлерінде көретін жатақханаларының алдындағы ағаш күтімі басқа бір де бір әріптестерінде байқалмады.

Экономика факультетінің жатақханасында факультет басшылығы тарапынан әр қабатқа бір-бір кафедра ұстаздарын жауапты етіп тағайындаған. Олар тек кезекшілік жүргізіп қана қоймай, сонымен бірге, сол қабаттағы барлық іс-шаралардың ойдағыдай өтуіне, тазалығы мен тәртібіне жауап береді.

Тарих факультетінің студенттік кеңес құрамында барлық курс өкілдері бар. Ал ең қызығы, мұғалімдердің дұрыс кезекшілік атқаруын қадағалайтын сектор бар екен. Сондай-ақ факультет деканы Ж. Таймағамбетов мырза бұдан былай жатақханада орналасқан оқу залына өзінің жеке қоры-



құралдары арқылы таныстыруды мақсат етеді. Жиналысқа тек студенттер кеңесінің құрамы ғана емес, факультет мәслихатының және көсіподақ ұйымының төрайымдары да келіп, жалпы факультеттегі студенттердің өзін-өзі басқару органдарының бірлігін көрсетті. Жуырда ғана «Танысып қоялық» деген атпен бірінші курс студенттеріне арналған танысу кешін өткізген студенттер кеңесі өз жоспарларында өлі көптеген мазмұнды іс-шаралар белгіленгенін айтты. Факультет деканы Б.Ө. Жақып сөз сөйлеп, жатақхана студенттерінен тәртіп пен тазалықты сақтап, факультет абыройын биік ұстауды өтінді.

Тіл және тәрбие саласының қызметкерлері 17 қазан күні химия факультетінің №13 жатақханасының студенттік кеңесін аралады. Бұл – университетіміз бойынша ең алғашқы күрделі жөндеуден өткен жатақханалардың бірі. Журналистердікі сияқты, химиктердің де ішінде 2 компьютері бар арнайы кабинеті бар екен. Емін-еркін сұхбат бағысында студенттер қауымы алдағы уақытта тағы да 3 компьютер берілсе деген өтініштерін жасырмады. Студенттер вахтадан класс кілтін алып, қалаған уақыттарында жұмыс істеуге мүмкіндіктері бар екенін айтты. Сондай-ақ сол класқа жауап беретін арнайы студент жұмыс тиімділігін реттеуші ролінде қызмет жасайды. Факультет деканы Ж.А. Әбілов студенттерді жоғары деңгейде күрделі жөндеуден өткен факультет жатақханасының мүліктеріне ұқыпты қарауға шақырды.

Әр кездесуді қорытындылай келе Г.Ә. Сәрсенбекова кеңес жұмысына баға беріп, тілектер мен ескертулер айтып отырды. Басталған жаңа оқу жылы бойынша атқарылған жұмыстардағы ерекшеліктерді ескере отырып, жыл соңында белсенділік танытып, үздік жатақхана атанған студенттік кеңес мүшесі ректор стипендиясына үміткер болатыны айтып, барша студентке жұмысына табыс тіледі.

P.S.

Осылайша, барлық жатақханадағы студенттік кеңестер өз жұмысын ректорат қызметкерлеріне көрсетуге мүмкіндік алды. Ән-жырмен шашу шашқан өнерлі студенттер барлық кездесулерге зор мерекелік көңіл-күй сыйлай білді. Бұл танысып-білісудің арқасында кеңес жұмыстары бір сілкініп, бұдан да зор қарқынмен жұмыс атқарар деген үміттеміз. “Егер ісін өңсін десең, ретін тап” деген Абай дана. Ендеше, 5 мыңға жуық студенттерге пана болған жатақханаларымыздағы студенттік кеңес жұмыстарының еңбегіне табыс тілегеннен басқа айтарымыз жоқ.

Студенческая жизнь

Тепло и уют дома историков

19 октября нынешнего года проходила плановая встреча студенческой молодежи с представителями ректората – заместителем проректора по зыкума и воспитательной работе Гульнар Алибековной Сарсенбековой, сотрудниками отдела по воспитательной работе и деканата исторического факультета, членами студенческих советов других факультетов. Встреча состоялась в общежитии истфака, но не узнать прежнего здания.



Ж.К. ТАЙМАГАМБЕТОВ,
декан исторического факультета

Именно домом, а не общежитием представило перед участниками встречи здание, в котором проживают студенты исторического факультета. Вечернее солнце отражается в чистых стеклах капитально отремонтированного и свежеекрашенного здания. Дом огорожен невысоким металлическим забором. У входа нас торжественно встречает актив студенческого совета вместе с комендантом Шахен Касымбаевной Мамаевой. У каждого на груди красуется бейджик с указанием фамилии, имени и занимаемой должности.

Фойе поразило нас отсутствием прежних заградительных сооружений в виде решеток и узких проходов. Кругом чистота, цветы, картины и различные стенды. Многие сидят у телевизора. Важно прохаживаются ребята и девушки, каждый из них приглашает заглянуть к ним в комнату, чем мы не преминули воспользоваться. В секциях две комнаты, в которых проживают 5 человек. Во всех комнатах установлена новая мебель, столы, шкафы, книжные полки, кровати с постельными принадлежностями. Ребята показали нам комнату студсовета, читальный зал (сегодня после субботника я подарил студенческому дому более 120 книг, учебных пособий, авторефератов на историческую тему) и впервые созданный и оборудованный актовый зал. Здесь и проходила наша встреча.

Не было прежних зазывал на собрание, большинство молодых людей уже заранее заняли места, по мере окончания своих дел подошли остальные. Председатель студенческого совета студент 4 курса исторического факультета Талгат Қылыбаев представил студенческий актив, в котором работают ребята с разных курсов, и, что откровенно, как отметила Гульнар Алибековна, впервые представлен секретарь совета. Каждый из избранных в совет коротко говорил о себе. Перед ребятами выступили Г.А. Сарсенбекова, А.К. Жумадилов, Ш.К. Мамаева и автор этих строк.

Выступающие говорили на различные темы, но почти все акцентировали внимание на учебно-студентской. И это правильно. Ведь для ребят созданы все условия, место учебы и проживания соседствуют, рядом спорткомплекс, Дворец студентов, кинотеатр, магазин, комбинат питания. Строится огромное здание библиотеки.

И все это сосредоточено в одном месте. Этим надо дорожить. В этом большая заслуга руководства университета.

Честно говоря, завидую я вам – студентам КазНУ. Студент, магистрант, аспирант, защита кандидатских и докторских диссертаций, получение различных ученых званий – всю научную карьеру можно сделать, не выходя за пределы городка. В этом наше отличие от многочисленных вузов Казахстана. Руководство университета и дальше будет осуществлять грандиозные планы по застройке студенческого городка. Уже в следующем году будут строиться учебные корпуса факультетов, находящихся за чертой КазГУграда. И все это делается для вас, дорогие наши студенты.



Гульнар
ӘЛІБЕКҚЫЗЫ:

“Заманына қайрай амалы” демекші, қай уақытта болмасын тәрбие мен білім беру үрдісін өмірдің қайнап жатқан қара қазанына алу қажеттілігін өмір көрсетіп келеді. Жатақхана келбеті жылдан-жылға көркею үстінде. Университет тарапынан алға қойылып отырған мақсатта айқын – студенттердің сапалы білім, онегелі тәрбие алуына қолдағы бар жағдайды жасау.

Осы тұрғыдағы біздің мақсатымыз – студенттер кеңесінің жұмысымен танысып, студенттермен пікірлесіп, кеңесу арқылы кеміген тұстар болса, дер кезінде қол үшін беріп, тиімді жолдарын іздестіруден талмау. Студенттер кеңесі ұйымдастыруымен жатақханада өткізілетін әдеби шара жастарымыздың бойындағы ізгі қасиеттерін молайтуға, байытуға қызмет ететіндей болып ұйымдастырылу шарт.

тарды тонті етті. Факультет деканы Қ.Ә. Сапаров мырза және студенттер кеңесінің төрайымы Ә. Есбергенова бастаған студенттер тобы редколлегия мүшелерінің жұмысын атап өтті. Бір айта кетер нәрсе, мұнда қазан айында туған және биылғы оқу жылында Президенттік шәкірталасқа ие болған жатақхана тұрғындарына арнайы құттықтау бұрышы дайындалып ілінілті. Бұл жатақханада студенттік кеңестің өз күшімен жасақталған оқу залының жұмысы алға қойылған. Студенттердің бос уақытында кітапханадан кітап, газет-журналдар алып оқуына мүмкіндіктер жасалғанының куәсі болды. Кітапханаға жауапты адамдар факультеттің кафедрала өздеріне дөріс беретін мұғалімдердің жарық қорған оқулықтары мен мақалаларын, басқа да газет журналдарды, әдеби кітаптарды жинап, кітапхана қорын толықтырып отырады екен. Ал екінші қабаттағы студентке бөлмесі де өте тарымды безендіріліп, жиналыс және де басқа шаралар өткізуге ыңғайлы орналастырылған деуге болады.

Студенттердің жұмысымен жақынырақ танысуға құмартан ынталы топ 10 қазанда география факультетінің №4 жатақханасын, 12 қазанда заң факультетінің №18 жатақханасын, 13 қазанда механика-математика және физика факультеттерінің №14 жатақханасын, 14 қазанда журналистердің №5 жатақханасын, 17 қазанда химия факультетінің №13 жатақханасын, 18 қазанда филология факультетінің №9 жатақханасын, 19 қазанда тарих факультетінің №1 жатақханасын және 20 қазанда экономистердің №16 жатақханасын аралап, студенттер кеңестерінің жұмыстарына қанығып қана қоймай, сонымен бірге жалпы келу мақсаттарымен де таныстырып отырды. Барлық жатақханаларда тәртіп, тазалық, мәдени, спорт секторларының жұмыстары алға қойылғаны білініп тұрды. Кездесу барысында ең таза, үлгілі деген бөлмелер анықталды. Жалпы алғанда, барлық қабат старосталарының міндеті әр қабатта тұрып жатқан студенттермен жеке-жеке жұмыс істеп,

нан кітаптар беріліп тұратынын айтты.

Философия және саясаттану факультетінің студенттерінің өзгелерден артықшылығы, онда өзге бір де бір жатақханада жоқ студенттердің шаруашылық секторы жұмыс істейді. Өздеріне өздері көмектескісі келген белсенді студенттер келген қонақтарды осылайша тонті етті. Сондай-ақ, студентке мүшелері жеті сайын үздік бөлмені анықтап қана қоймай, оларға стимул ретінде азын-аулақ сыйлық та беріп тұрады екен.

Ал механика-математика және физика факультетінің № 14 студенттер кеңесінің бөлмесі мемлекеттік рәміздермен, кеңес мүшелерінің тізімімен өте мұқият түрде жабдықталған және ең қызығы, мұндағы студенттер нақты ғылым өкілдері болса да, қоркөм шығармаға қызығатынын білдіргендей, кеңес бөлмесіне әдебиет кітаптарымен толтырып қойыпты. Механика және математика факультетінің деканы М.К. Орынханов пен физика факультетінің деканы А.С. Асқарова мұндағы екі факультеттің өкілдерінен құралған құрама кеңесте белсенді деген бірінші курс студенттері жұмыс атқаратынын айтып өтті. Бірақ әлі де болса тәртіп тобының құрамын көбейту керек деген ұсыныс жасалды. Сондай-ақ студенттер өз бұйымтайы ретінде жатақхана ішінен арнайы тренажерлік зал ашып беруін сұрады. Ойланып қарар болсақ, осыдан бірнеше жыл бұрын жатақхана студенттері тұрмысқа тікелей қатысты өтініштерін алға тартса, енді ол жағынан бәрі түзелгеннен кейін, бос уақыттарын пайдалы өткізудің осындай жолдарын іздестіруде.

Зан факультетінің № 18 жатақханасында университетіміздің 13 факультетінен өкілдер бар. Бұл жатақхана факультеттер достығының символындай болды.

Журналистер де өздерінің жаңа да таза жатақханаларын көрсетуге тырысты. Факультет ерекшелігіне байланысты, кеңес құрамында арнайы тілшілер тобы жасақталыпты. Олар жатақхана тыныс-тіршілігін көпшілікке бұқаралық ақпарат



По отношению к тем, кто хочет что-то сделать для родного университета, для страны и для себя, у проректора Купчишина работают 10 принципов. Два из них он старается реализовать максимально: "Не мешай" и "Не навреди".

● А.И. КУПЧИШИНУ – 60 ЛЕТ

Еще мальчиком он знал о полетах человека в космос, о том, что есть сила притяжения, о скорости, необходимой ракете для удержания на орбите. В 4-ом классе он поставил конкретную задачу – стать не просто физиком, а специалистом-ядерщиком. Сегодня, накануне своего 60-летия, проректор по научной работе, доктор, профессор Анатолий КУПЧИШИН рассказывает не о себе. Он говорит о жизни. О жизненных высотах, которые каждый может достичь, если поставит определенную цель. О том, что цель – это не обязательно стремительный взлет и огромные успехи. Это, прежде всего, любимое дело, близкие люди, необычные увлечения и теплые воспоминания. Детство, юность, учителя, друзья, коллеги... И на протяжении всей жизни – хорошо знакомая, но до сих пор хранящая тайны Физика. Без этой науки Анатолия Ивановича трудно представить. Впрочем, также, как и физику без Купчишина.

сти успешно работают везде. В школе Анатолий Иванович получил хорошее базовое образование. Работая в физическом кружке, он познавал экспериментальную физику. Итогом школьных занятий стало опять же закономерное поступление на физфак КазГУ. Вспоминая своих учителей в науке, Анатолий Купчишин говорит, что ему повезло:

– Мы выбираем специальность, больше ориентируясь на наших учителей, даже не на родителей. В науке, по большому счету, первым моим учителем был Эрнст Гербертович Боос – в то время кандидат наук, впоследствии академик. Буквально несколько дней назад я в своих архивах "раскопал" курсовую работу, которую писал под его руководством еще на четвертом курсе.

Впервые я получил новую формулу, над которой думал больше года. Это получилось с большим трудом, и Эрнст Гербертович дал на курсовую прекрасный теплый отзыв. Позже формула лег-



от своих последователей он требует, помимо знаний, еще одного – достижения поставленных целей. Другое дело, что физика уже не так престижна, как, допустим, в 60-70-е годы. По крайней мере, для молодежи.

– Но это не вина молодых людей, выбирающих профессию, – объясняет Купчишин. – Время такое. В науке больших денег не заработаешь. Тем не менее положение меняется. Деньги сейчас в науку все же поступают, выделяются гранты, и нынешние студенты понимают: чтобы выиграть грант, надо иметь высокую квалификацию.

В подтверждение этих слов можно добавить, что научная команда профессора Купчишина получила грант на исследование материалов термоядерных реакторов. Это направление актуально и вновь считается престижным. За термоядерной энергетикой – будущее. На новый виток развития выходят медицина, микроэлектроника, микробиология, технология обработки твердых сплавов. Тем более, что у казахстанских ядерщиков – достойный потенциал и хоро-

чала прошлого века и по сегодняшнее время. Серьезные успехи в технологиях, в образовании, в науке, прежде всего – в наших умах. Может, Нобелевских лауреатов у нас пока нет, но в стране есть авторы важных открытий, которые учились у видных ученых, работали с ними. Например, ректор нашего университета Толеген Кожамкулов прошел школу Ленинградского физико-технического института, сотрудничает с Институтом теоретической физики им. Ландау, совместно работал со знаменитым ученым Мигдалом.

По мнению Анатолия Ивановича, в период изменения общественной формации, во время подъема страны по всем параметрам очень важно отойти от старых принципов, изменить психологию, иждивенческой настроя. В нашем коллективе стараются сохранить педагогический потенциал, но кто-то уходит в другие места, не может вписаться в общую напряженную работу. По отношению к тем, кто хочет что-то сделать для родного университета, для страны и для себя, у проректора Куп-

Научная деятельность, хорошо известная казахстанцам, принесла Анатолию Купчишину и мировую известность. Имя Купчишина-физика на слуху у специалистов из разных частей света. Но что кроется за личностью крупного специалиста, ученого, добившегося в жизни огромных успехов? Какие истоки питают этого человека вот уже более полувека? Рассказывая об учителях и первых жизненных уроках, о своем песенном творчестве, вкусах и пристрастиях, Анатолий Купчишин все же не может не говорить о... тайнах взаимодействия элементарных частиц с твердым телом. Кажется, он хочет, чтобы нашему глазу стали доступны лучи невидимого потока фотонов. Одним словом, Ученый.

Найла САДЫКОВА

выращивал овощи, фрукты, с дедом возил их на продажу. Не каждый отец отпустит своего ребенка зарабатывать. А я все это прошел.

Сегодня именно Анатолию Ивановичу, интеллектуалу со "стальным стержнем" в характере, мастеру спорта по десятиборью, поручено курировать спортивную работу в университете. И в этой сфере вуз вырвался на лидирующие позиции: больше сотни кандидатов в мастера спорта, около тридцати мастеров спорта. 1 гроссмейстер, более 10 мастеров спорта международного класса. В олимпийской сборной Казахстана сейчас семь человек из КазНУ, в спортивных сборных республики – около сорока.

– Под руководством ректора мы создаем максимально благоприятные условия для тренеров, для студентов, которым разрешено учиться по индивидуальному графику. Иногда студенты-спортсмены сталкиваются с осуждением некоторых деканов, преподавателей относительно занятий спортом. Если это в ущерб учебе, я полностью разделяю их мнение. Но многим студентам спорт помогает ценить время и хорошо учиться. Таких учеников наказывать за занятия спортом мы не позволяем.

В том, что касается поддержания физической формы, Анатолий Иванович – максималист. Нужно стремиться к здоровому обществу. Наряду с понятием "физическая культура" он использует понятие "физическое бескультурье", чтобы сподвигнуть преподавателей поддерживать здоровье, следить за фигурой и весом. Физическое воспитание остается составной частью гармонического развития личности – этот постулат не устарел.

Так же, как не стареет музыкальное искусство и творческая личность Анатолия Купчишина. Около трех тысяч песен, 15 поэтических книг – это, как говорит профессор, состояние души. В таком объеме не пишут даже некоторые профессиональные поэты. А у Анатолия Ивановича творческие успехи стали просто очередной конкретной целью и... еще одной жизненной закономерностью.

– Писать я начал в 1984-м, после защиты докторской. У меня есть музыкальное образование – в школе я занимался со своим учителем, очень грамотным человеком. Играл на баяне. Мама со своей сест-

ОН ФИЗИК, И ЛИРИК,

К СТРОКЕ ПРИКИПЕВШИЙ, ВЛЮБЛЕННЫЙ В СТРУНУ...

То, что Анатолий Иванович стал таким, вполне закономерно. Уже с 4-го класса он мечтал не просто быть физиком, а заниматься именно ядерной физикой. Это кажется неправдоподобным, если не знать о том, что, кроме мамы Марии Ивановны, Анатолия воспитывал отчим Александр Яковлевич Кутузов, заслуженный учитель Казахской ССР, прекрасный специалист, своего рода фельдмаршал в математике. И он маленькому сыну уже рассказывал о космосе, о силе притяжения, о том, как ее преодолеть и тому подобным вещам. Причем на многие ключевые для познания природы моменты отчим обращал внимание Анатолия во время работы по хозяйству, например, в огороде.

– Александр Яковлевич придумывал задачи, которые были понятны деревенским школьникам. Например, мы определяли площадь сегмента круга на примере привязанной на определенном расстоянии коровы, поедающей клевер на круглом поле. Конечно, детям это было близко и понятно, – вспоминает Анатолий Иванович. Тогда, в детстве, он узнал один из главных приемов в педагогике – передача знаний через игру.

У Кутузова очень много учеников в Алматы, в других городах Казахстана, и многие добились больших успехов, и не только в математике и физике. Среди них есть кандидаты и доктора в технических науках, химии, биологии, медицине – выпускники школы села Новотроицкое (ныне Толе би) Чуйского района Джамбулской обла-

да в основу создания метода БКШ (Боос-Купчишин-Шмыгалев), который называется каскадно-вероятностным методом и применяется в решении физических задач. С учетом того, что мы многое смогли понять и глубоко вникли в проблемы происхождения частиц через вещество, мы смогли создать огромное количество моделей и функций фактически для всех частиц. Так что моя работа под руководством Бооса стала началом целого направления.

В рамках этого направления защищено несколько кандидатских и докторских, в том числе моя. Теперь мои ученики в своих научных трудах используют эту идеологию, этот метод для того, чтобы объяснить экспериментальные данные. Над этой темой еще можно работать тысячелетия, потому что на все вопросы ответа нет: теория прохождения элементарных частиц через вещество не создана. Разработаны общие положения, уравнения, но предусмотреть все случаи жизни элементарных частиц невозможно в принципе, потому что частица испытывает миллионы, миллиарды соударений, все зависит от вида процесса и от того, что вы хотите получить, что объяснить. В любом случае надо четко ставить задачу, и тогда ее решение будет однозначным. А если рассматривать общие случаи, то никакой метод не даст решения.

Важное личностное качество Анатолия Ивановича – нацеленность на конкретный результат – проявилось в юности, и с тех пор оно "работает" на него как в науке, так и в жизни. Купчишин как преподаватель настойчив и строг, и

шие условия.

– В нашем университете и Казахском педагогическом университете им. Абая есть несколько ускорителей, на которых можно получать электроны разных энергий. Их можно использовать для ядерных физических экспериментов, для радиационной физики твердого тела, для технологий, например, по стерилизации медицинской продукции. В Институте ядерной физики имеются циклотрон и ускоритель, на которых получают пучки протонов, альфа-частиц ионов, работает атомный реактор. Излучение применяется во многих сферах жизни. В Казахстане излучательных установок недостаточно. И в Астане по совместному проекту с Дубной строится огромный ускоритель.

Но для улучшения интеллектуального "климата" в обществе очень важно учитывать и человеческий фактор. Анатолий Иванович считает так:

– Наши люди, казахстанцы всех национальностей, не глупее, чем американцы, а то и умнее. Это могу гарантировать. Я много раз был и в Америке, и в Европе, но там приходилось встречать людей, которые не знают даже элементарную географию, не слышали о Казахстане. Мы то знаем практически все страны, имеем представление об их местонахождении и населении. В Казахстане очень серьезная система обучения, и не многие страны могут себе позволить всеобщее обязательное среднее образование.

Благодаря этому в республике достигнут огромный прогресс с на-

чишина работают 10 принципов. Два из них он старается реализовать максимально: "Не мешай" и "Не навреди".

– А тот, кто понимает и принимает новое, достигает больших успехов. Недаром говорят: "Если ты не можешь изменить мир, измени свое отношение к нему". Тогда у человека все получится, – продолжает Анатолий Иванович. – Этот тезис более чем актуален и в настоящее время, когда нужно работать – возможно, не на износ, но почти на пределе – для расцвета Казахстана. Да и для личного успеха – завистники и конкуренты не дремлют.

Анатолий Иванович привык работать в жестком режиме. Он с детства готовил себя к серьезным делам и считал, что каким бы умным человек ни был, он не сможет работать в полную силу, если физически слаб. Сам Анатолий уже в школьные годы вел спартакский образ жизни: каждое утро – обливание тремя ведрами холодной воды и бег на 10 км. Уже в апреле вместе с отчимом и друзьями он купался на речке Чу, кувыркался на пляже, выделял сальто, нырял с моста.

– К тому же у нас было большое хозяйство, строгий отчим требовал, чтобы я все успевал. Тогда у меня и выработалось качество – выполнять прежде всего дела, которые не любил, но обязан был делать. Это я довел до автоматизма, на оптимум исполнял обязанности, за счет чего максимально экономил время, с каждым днем его у меня оставалось все больше. Занимался спортом, музыкой. Сам заработал на баян –



рой играли на гитаре и пели. Помню, мы очень весело проводили время в кругу семьи. И мое творчество неслучайно: мне это всегда нравилось. В результате я заочно окончил отделение баяна в Республиканском доме народного творчества в Бишкеке. С отличием. На выпускном играл Полонез Огинского и Турецкий марш Моцарта.

Позже, в студенческие годы, появилось увлечение бардовской песней. Это было начало 60-х: Высоцкий, коллекции пленок, записи и перезаписи. Слушали Окуджаву, Визбора, песни на стихи Есенина. Я до сих пор их люблю, и в моем творчестве нотки этих поэтов обязательно присутствуют. И пиши для стихотворений хватало: в студенчестве я сам зарабатывал на жизнь – охотился на барсуков, вытаскивал жир и продавал. В годы аспирантуры работал на леднике Туяксу с гляциологами, зарабатывая деньги для семьи. И постоянно познавал для себя что-то новое. Особенно в горах Заилийского Алатау. Сначала думал, что остановлюсь на сотне. Напису 100 стихотворений и все! Но не получалось: 200, 500, потом была тысяча произведений. Когда перевалило за полторы, я понял, что противиться нельзя. Стихотворение или песня – это определенный этап жизни. И поэты будут вечно. Ведь можно сказать: сколько людей – столько жизней. Миллионы, миллиарды – все это описать невозможно. Так же, как огромное количество частиц, огромное количество их взаимодействий и эффектов.

Целенаправленный и трудолюбивый Купчишин много сил отдавал науке. Сегодня мало кто способен «своим горбом», не имея ни брата, ни свата, ни дяди, создать все, что есть у него. Он сам построил «дворец», в котором живет, и сам устроил свою жизнь. Умение объединить плодотворную научную и педагогическую деятельность, реализовать неповторимую творческую энергию и добиться приличных спортивных результатов – это не многим по силам. Но была еще одна составляющая успеха – семья Анатолия Ивановича. Двое детей, трое внуков и человек, который, как сейчас кажется, рядом был всегда, – жена.

С супругой мы познакомились в студенчестве. Она училась на географическом факультете, по специальности – метеоролог. С тех пор, можно сказать, всю свою жизнь она посвятила семье! Благополучные дети – ее заслуга. Она могла сделать карьеру, но полностью отдала себя детям. Я бы сказал, что сын и дочь – это ее и кандидатская, и докторская. И, работая в управлении Гидрометслужбы, она «делала погоду» и дома.

Сын прошел в этой жизни меньше моего, но уже значительную часть. Учился в РФМШ, поступил в Ленинградский кораблестроительный институт. После первого курса ушел в армию (в то время забирали студентов), а потом, в годы перестройки, вернулся сюда и окончил физический факультет АГУ им. Абая. Защитил кандидатскую по физике твердого тела и сейчас возглавляет крупное казахстанско-российское производственное объединение. Завершает докторскую.

Дочка окончила Политехнический институт и параллельно Институт иностранных языков. В совершенстве владеет английским языком и работает в американской фирме. Не могу сказать, что я недоволен детьми, но знаю, что их потенциал еще полностью не использован, и уверен, что они себя реализуют. Хотя, в целом, двигаются они вперед очень серьезно и стремительно. И дочка сегодня даже зарабатывает гораздо больше меня...

Увлечательные рассказы отнимают, постижение науки, обучение своих учеников, звание мастера спорта по десятиборью, тысячи стихов и родные люди на протяжении всей жизни – об этом Анатолий Иванович готов говорить еще и еще. Но его историю и его судьбу не вместить на газетную полосу. Мы продолжим рассказ об Анатолии Ивановиче и надеемся, что с каждым годом будет расширяться горизонты его творчества. Эксперимент профессора Купчишина длиною в жизнь продолжается.

А начинался долгий путь Каира Ахметовича в науку в далеком Темирском, а ныне Мугоджарском районе Актыбинской области, где он родился в 1935 году. Фамилия Жубановых уходит своими корнями в интеллектуальный слой казахского общества 19 века: дедушка Куан был просвещенным человеком в районе, а после его смерти бабушка одна воспитала многочисленных детей, среди которых выделялись два брата – Кудайберген (1899 г.) и Ахмет (1906 г.). Старший брат – ученый-лингвист, профессор – трагически погиб в сталинских застенках в 1938 году.

Ахмет Жубанов, отец Каира Ахметовича, – композитор мирового уровня, классик казахской оперы, единственный академик АН КазССР в области искусствознания. Он вместе с женой Науат – матерью Каира, вырастили и воспитали еще четверых детей – сына и трех дочерей. Старший Булат – акаде-

ГУ, где работает доцентом, а затем заведующим кафедрой катализа и технической химии. Здесь наиболее полно развернулись его творческие и организаторские способности.

Широкий круг научных разработок и внедренческих работ закономерно привели Каира Ахметовича в 1981 г. к защите докторской диссертации по техническим наукам. В дальнейшем разработки, выполненные под его руководством, были внедрены на ряде заводов СССР, экспонировались на ВДНХ и были удостоены дипломов разных степеней, а их авторы – медалей разных достоинств.

Лекции, семинары, руководство кандидатскими и докторскими диссертациями, выступления на конференциях разного уровня, написание монографий, статей и постоянные «контакты» с производством – вот постоянная работа К.А. Жубанова в последние десятилетия. В 1994 году на кафедре открыта

Исполнилось 70 лет Каиру Ахметовичу Жубанову – академику НАН РК, доктору технических наук, профессору. Вот уже 35 лет юбилар отдает свои знания и силы образованию и воспитанию студентов, а также бакалавров и магистрантов, аспирантов и молодых сотрудников в стенах родного химического факультета.

● К.А. ЖУБАНОВУ – 70 ЛЕТ



производительностью 100 тыс. тонн сырья в год. К.А. Жубанов планирует, что в будущем этот комплекс станет экспериментальной базой для внедрения новых технологий в области глубокой переработки углеводородного сырья и нефтехимии.

Каир Ахметович хорошо известен в кругах мировой научной общественности. На проходившем в Польше экономическом форуме Института восточноевропейских исследований он был избран руководителем дискуссионной панели энергетического сектора этого форума, в течение ряда лет он был членом экспертного совета INTAS, членом международного совета по катализу стран СНГ.

Весомы результаты работы Каира Ахметовича со студентами, аспирантами, диссертантами: им подготовлены сотни специалистов по катализу и нефтехимии, 7 докторов и 24 кандидата наук. Он автор 9 монографий, 10 учебных пособий и более 300 статей в научных журналах, им получено 60 авторских свидетельств СССР и патентов РК и 8 патентов стран дальнего зарубежья. Он награжден орденами и медалями нашей Республики.

Творческая жизнь академика К.А. Жубанова, отданная науке и производству, продолжается, и коллектив химического факультета, его коллеги и друзья желают ему новых успехов на избранном поприще, счастья и благополучия всем членам его семьи.

Ж. КАИРБЕКОВ, д.х.н., профессор,
В. ГОЛОДОВ, д.х.н., профессор

СЛУЖЕНЫЕ НАУКЕ И ПРОИЗВОДСТВУ

мик НАН РК, доктор химических наук, профессор; Газиза – знаменитый композитор, народная артистка СССР; Ажар – доктор биологических наук, профессор; Роза – по ее собственным словам, «скромный учитель музыки».

Каир Ахметович пошел по стопам старшего брата и в 1953 г. поехал учиться в Москву в нефтехимический институт им. И.М. Губкина. По словам сестры, мать, узнав о поступлении сына в нефтяной институт, всплеснула руками: «Ты все время будешь ходить в мазуте?». Трудно было в то время предположить, что сыновья впоследствии будут поочередно занимать кресло академика-секретаря отделения химико-технологических наук НАН РК: один – 22 года, другой – 10 лет!

Вернувшись из Москвы дипломированным химиком-технологом, Каир Ахметович поступает в аспирантуру к академику Д.В. Соколовскому – создателю школы катализа в Казахстане и второго каталитического института в СССР, где организует лабораторию, основной тематикой которой будет гидрирование растительных жиров. А с 1970 г. он переводится на химфак Каз-

новая специальность – нефтехимия, и уже через год осуществлен первый выпуск специалистов-нефтехимиков. Под руководством Каира Ахметовича разработаны и читаются специальные курсы для студентов и магистрантов как по катализу, так и по нефтехимии. Он уделяет большое внимание экологии: на кафедре читаются лекции и ведутся лабораторные работы по экологическим проблемам переработки нефти и экологическим аспектам химической промышленности.

Не останавливаясь на достигнутом, по примеру своего учителя, Каир Ахметович в 1992 г. организовал на химическом факультете КазГУ Научно-исследовательский институт новых химических технологий и материалов. И уже через 2 года Институт проводил исследования по 37 темам с общим финансированием около 15 млн. тенге, что для 1994 г. большая сумма. Важно, что Институт выступает в качестве головной организации по нескольким Республиканским программам фундаментальных исследований.

Существенно, что сырье и материалы, используемые учеными при выпол-

нении этих тем, – казахстанские, местные. Но ученый понимает, что разрабатываемые и уже разработанные технологии должны быть на мировом уровне и только в этом случае они будут признаны мировым научным и технологическим сообществом.

Признанием достижений казахстанских ученых-катализаторов являются постоянные творческие контакты с учеными и технологами России и Китая, в результате которых были подписаны соглашения о проведении совместных исследований и разработок в области получения синтетической, «угольной» нефти на базе углей китайских месторождений, производству угольных брикетов, переработке тяжелых остатков нефтепереработки в легкие углеводородные фракции и масла.

В настоящее время под руководством Каира Ахметовича разрабатываются комплексные методы переработки нефти, технологии по комплексной переработке угля – основного энергетического и химического сырья уже в недалеком будущем. Так, в Актыбинской области строится углефтехимический комплекс по переработке нефти и угля

● Дайджест



Тот факт, что наш университет является одним из лучших в республике вузов, доказывает большое число студентов, желающих продолжить образование именно у нас. Проблема жилья – одна из проблем, которая возникает у большинства студентов, приезжающих из многочисленных городов страны, как говорится, «грызть гранит науки». О том, каким образом, решается этот вопрос в КазНУ, о заселении студентов в общежития – рассказал проректор по общим и хозяйственным вопросам С.Т. Шалгимбаев в прямом эфире Казахского радио (9 сентября).

Международный день языков в Казахстане празднуют 22 сентября. На вопросы журналистов программы «Утренний Казахстан» на «31 канале» о языках народов Казахстана ответила Э.Д. Сулейменова – заведующая кафедрой общего языкознания. В этот же день на филологическом факультете прошла традиционная Международная научно-теоретическая конференция «Мухтар Ауэзов и мировая литература», посвященная творчеству великого писателя и ученого. Это событие получило широкое освещение в СМИ: в новостях телеканалов «Астана» и «НТК», «Казахского радио», агентства «Казинформ» (22 сентября), в газете «Егемен Қазақстан» (24 сентября).

О подготовке высококвалифицированных специалистов, о том, каким образом проходит защита научных работ в нашем университете, рассказали проректор по учебно-методической работе Ж. Дадэбаев и заместитель проректора по научной работе У.К. Жап-басбаев в программе «Интерактив» на Казахском радио (26 сентября).

В №1-2 журнала «Современное столичное образование» вышел в свет

имиджвый материал-интервью ректора нашего университета профессора Т.А. Кожамкулова о деятельности и перспективах развития нашего университета.

Становление Казахстана как независимого, суверенного государства – эта тема послужила поводом для интервью преподавателя исторического факультета Сауле Удербасовой в программе «Утренний Казахстан» на «31 канале» (6 октября).

Имена наших студентов всегда в списках призеров различных республиканских и городских конкурсов. Так случилось и на этот раз. Первый фестиваль студенческой молодежи «Алматы – город молодежи», организованный Государственным фондом по развитию молодежной политики г. Алматы, принес студентам призовые места в различных номинациях. Об этом пишет газета «Түркістан» (6 октября).

11 октября в КазНУ состоялась вручение удостоверений об окончании «Курсов повышения квалификации руководящих работников в сфере экономики РК», обширная информация об этом событии прозвучала в



новостных выпусках агентства «Казинформ», «Казахского радио» и телеканала «Алматы».

В газете «Ана тілі» 20 октября была опубликована статья проректора по учебно-методической работе Ж.Д. Дадэбаева, которая явилась своеобразным ответом на критический материал «Вузовский нигилизм», в котором вузам необоснованно приписывается «нигилизм» в отношении государственного языка.

Касымжановские чтения в стенах нашего университета проводятся уже второй год, и с каждым разом возрастает интерес к этому событию. Международная научная конференция «История философии: классика и современность», посвященная памяти выдающегося казахстанского философа, доктора философских наук, профессора, членкорреспондента НАН РК Ағына Касымжанова состоялась на факультете философии и политологии. Об этом 22 октября сообщили агентство «Казинформ» и газета «Казахстанская правда».

Пресс-служба КазНУ

Даудың зорын қылышын қынабынан шығармай-ақ, қызыл тілдің ұытымен қайтарып, сөз қадірін жете түсінген халқымыз “Өнер алды - қызыл тіл” деп бекер айтпаған. Бұл тәмсілдің тәрбиелік мәні күні бүгінге дейін күшін жойған жоқ десек, қателеспеспіз.

Осы ұлағатты сөз пікір-сайыс өнерінің қазақ қоғамындағы ролін терең ұғынуға жәрдем берері сөзсіз. Жалпы, сөз құдіреті тек дау шешуде кетіскенді жолға, жөнге салуда ғана емес, сонымен қатар қоғам дамуында да зор рөл атқарған. Әлемнің бір данышпаны: “Адамдардың бәрі бірдей ойласа, онда ешкімнің ештеңе ойламағаны” деген екен.

Пікір-сайыс – әр адамның түрліше ойлай алатындығының айқын көрінісі. Бүгінгі таңда пікір-сайыстың тасы орға домалап тұр. Тіпті, кей ұстаздарымыз сабақ өткізудің тиімді тәсілі деп те бағалауда. Ой майданы еліміздің заң шығарушы органында қандай дәрежеде екенін көзі қарақты жұрт көріп-біліп жүр.



Кәмшат ӘБІЛҚЫЗЫ

Пікір-сайысшылар әлемі

Біздің университетте де пікір додасының қайнаған ортасы қалыптасқан. 2000 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан пікір-сайы клубының жемісі де ауыз толтырып айтарлықтай дәрежеге жеткен. “Хабар” арнасынан көрсетіліп жүрген “Азамат” бағдарламасынан ҚазҰУ студенттерін көрген сайын бұл сөздің растығына көзің жетеді. Сол бағдарламаның алдыңғы жүргізушісі Орынбасар Тілепбергенов университетіміздің заң факультетін тәмамдап, қазір сол жерде оқытушылық қызмет атқарып жүрсе, қазіргі тұрақты жүргізушісі Ринат Кертасов – журналистика факультетінің 1-курс магистранты. Бұл екеуі де өз кезінде пікір-сайыс жарыстарында алдына жан салмай, жарқылдап көрінген студенттер болатын. Өзін белді пікір-сайысшы ретінде мойындап, кейіннен университеттегі клубқа үйлестіруші болған, қазіргі халықаралық қатынастар факультетінің 2-курс магистранты Эльнура Абаканова да дәл сол арнадағы “ХІІ ғасыр көшбасшысы” интеллектуалдық ойының допша донгелетіп жүргізе білді.

Республикадағы пікір-сайыс өнерінің негізгі ошағы болып саналатын

Ұлттық Пікір-Сайыс орталығындағы (атқарушы директоры – Бакытнұр Отарбасва) “Азамат” жастар клубын құрайтын мүшелердің негізгі бөлігі де ҚазҰУ студенттерінен болған және өлі де бұл достыр жалғасып келеді.

Пікір-сайыс әлемінде шыңдалған студенттеріміздің көбі: “Кейде қиын сабақ бола қалса, малтығып, сойлей алмай тұрмаймыз. Не нәрсеге тек бір қырынан ғана емес, сан қырынан баға беруге, сол арқылы терең талдау жасауға үйрендік”, - дейді.

Дәл осы пікір-сайыстың арқасында Ұлттық Пікір-Сайыс Орталығы мен ҚР Парламент Сенатының бірлескен “Парламенттің қоғамдық көмекшілері” жобасы шеңберінде ҚазҰУ-дың ондаған студенттері Астанада болып, заң шығару процесіне тікелей араласып келді. Атап айтсақ, тарих факультетінен Жұлдыз Сүлейменова, экономика және бизнес факультетінен Өркен Қажгерсев, Дина Шаяхметова, журналистика факультетінен Алма Сайлауқызы, филология факультетінен Назым Басқынбасва, заң факультетінен Эльмира Дүйсенова және өзге де бірқатар тәжірибелі пікірсайысшылар сол жоба-

ның белсенді қатысушылары болып табылады.

Бүгінгі таңда “Азамат” бағдарламасы арқылы университет қабырғасынан алып жатқан білімі мен шешендік қабілетін дәлелдеп, сапалы пікірін айтып жүрген кейінгі толқынның арасынан Ердос Қабыкенді, Әсел Қамзаны, Жанна Алдабергенованы, Ерік Ілиясовты, Сәбит Мәтисовті және Рахат Жақсыбайды ерекше атап өтуге болады. Міне, осы студенттеріміз түрлі деңгейдегі турнирлердің де бірнеше дүркін жеңімпазы бола жүріп, қара шаңырағымыздың беделіне бедел қосып, абыройын асқақтатып жүр. Олар пікір-сайыстан өздеріне қажет нәрселерді алып қана қойған жоқ, сонымен бірге осы қабілеттері арқылы туған университетіне жақсы атақ та әкелуде.

Пікір-сайысқа жаңа келген студенттердің көбі “Пікір-сайыс бізге не береді?” деп сауал тастайды. Пікір-сайыс әрбір жасқа мол біліммен қоса тәрбие де береді. Сан салалы, көптеген тақырыпты әр қырынан қарастырған студент, не нәрсені кесек күйінде емес, әбден “туралап”, уақтап барып, өзінше керек пайдалысын ғана алады, яғни сыни



сүзгіден өткізбей, еш нәрсені қабылдамайды. Ой додасына түсе жүріп, сіз тыңдау мәдениетін қалыптастырасыз. Пікір-сайыс өнерінің майын ішкен құрбы-құрдастарымыздың бәрі осы қабілеті арқылы ақылы асқан ағалармен ғана емес, сондай-ақ мінезі қиын кез келген жанмен тез тіл табысуға үйренгенін айтады.

Жалпы, қазір біздің қоғамда пікір-сайысшыларға қатысты “Олар өзімбілемдікке салынып, ешкімді тыңдамайды” деген сияқты жаңсақ пікір бар. Мен оған өз тарапымнан былай деп жауап берер едім: көдімгі пышақ егер де нан тұрап, ет кескенде – құрал болса, ал адамға кезелгенде – қару. Пікір-сайыс та білім мен тәрбиеге негізделсе – игілік құралы, ал арсыздық пен дорексіздікке бағытталса – өлдісіз сөз қаруы. Біздің, яғни ҚазҰУ пікір-сайыс клубының мақсаты – білім мен тәрбиеге құштар пікір-сайысшыларды дайындау. Ендеше, атадан балаға мирас болған шешендік өнерімізді жаңа заманға сай дамытып, өзін пікір-сайыс әлемінде шыңдауды көздеген замандастарымызды біздің қатарға шақырамыз. Ол үшін әр дүйсенбі сайын ҚазҰУ қалашығында



орналасқан кинотеатр залында сағ. 18.00- де пікір-сайыс клубының жиналысы өтіп тұратынынан хабардар болып, аптасына бір мезгіл пайдалы кездесуге уақыт бөлсеңіз жеткілікті. Себебі, әр қазақтың азаматы өзін кемелдендіру мен дамытуды көздеуге тиіс екені анық.

● 15 қазан – кітапханашылар күні

Кітап — ДАНАЛЫҚ БАСТАУЫ

Кітап – білім бұлағы. Қазіргі заманғы жаңа технологияның бір де бірі кітаптың орнын баса алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Екі миллионға жуық кітап қоры бар ҚазҰУ ғылыми кітапханасының біздер үшін маңызы зор.

Студенттердің күнделікті өмірі кітапханамен, оқу залымен тығыз байланыста. Сол себепті де кітапханашы апайлармен қоян-қолтық араласып кеткенбіз. Кіргенде жылы шыраймен қарсы алатын біздің журналистика факультетінің оқу залында Аңсат, Мейрамгүл атты апайлар қызмет жасайды. Аңсат апай оқу залындағы студенттердің тәртібін қатаң қадағаласа, Мейрамгүл апай жайдары, жарқын мінезімен-ақ бар істі тындырады.

Қызмет жолын 25 жасынан бастаған Аңсат апай кітапханада 18 жыл бойы жұмыс жасап келе жатса да, бұл тірліктен еш жалықпағаны таң қалдырады. Керісінше, “Маған студенттермен қарым-қатынас ұнайды, тіпті оларсыз өзімді елестете алмас едім”, - дейді күлімдеп. Мейрамгүл апай болса өте сабырлы, салмақты жан. Студенттермен тез тіл табысады. Десек те, осы апайларымыздың, біздің кітапханашылардың жылда тойланатын төл мерекесін біріміз білесек, біріміз білмейміз. Осыдан төрт жыл бұрын 15 қазан – кітапханашылар күні болып жарияланған болатын, сондан бері ол мерекесі жыл сайын жалғас-



Дина ҚОЖАМУРАТОВА

сын тауып келеді.

Иә, кітапханашы болу кез келгенін маңдайына жазыла бермейді. Олар – оқырман сұранысын қанағаттандырушы ғана емес, кітапхананың мәдени мұрасын менгерген мол рухани байлық иесі де. Студентке керек оқулық, қажет ақпарат тек кітапханашының көмегімен жүзеге асатындығын күнделікті тірлікте барлық студент ескере бермейді. Сан мың кітаптың атымен қоса, авторын да есте сақтап, түрлі жандардың керекті материалын дер кезінде тауып беруді шебер менгерген кітапханашылар еңбегін бағаламау өділдік болмас еді.

Бүгінгі таңда университетіміздің 13 факультетінде барлығы 15 оқу залы, 11 абонемент және 4 интернет залы жұмыс жасайды. Қазір ҚазҰУ кітапханасында жұмыс жасайтын білікті кадрлар саны 103 адамға жеткен.

Кітапхана директоры Д.Т. Нұрғалисванын айтуы бойынша, жуырда бірнеше жатақханада да арнайы оқу залдары ашылып, керекті кітап, газет-журналдармен қамтамасыз етілетін көрінеді.

Сөз соңында ҚазҰУ сынды бірегей жоғары оқу орнындағы білім мен ғылымның қайнары болып саналатын кітапханамызда қызмет жасап жүрген барша кітапханашыларды студенттер атынан төл мерекелерімен шын жүректен құттықтағым келеді.

● Саяхат

Таяуда ҚазҰУ Студенттер сенатының мүшелері Түрген сарқырамасына саяхат жасап, демалып қайтты. Қолдары көп босай бермейтін белсенді студенттер ұйымы демалыс ұйымдастыруды 16 қазан, жексенбі күніне белгілеген еді. Саяхаттың негізгі мақсаты алтын күз көмгерген әдемі табиғат аясында – әсем Алатау баурайында демалып қана қоймай, сонымен қатар Сенат мүшелерінің арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту және жастар арасындағы ынтымақты дамыту болатын.

Студенттер сенаты – ТҮРГЕНДЕ



Түрген сарқырамасына 13 факультеттен барлығы 30-ға жуық мәслихат лидерлері барды. “Азия” туристік фирмасының автобусымен барған студенттерді бағыттаушы Алматыдан ұзап шыққан бойда жол бойындағы тарихи жерлер жөнінде

өңгімелеп отырды. Әсіресе, Есік қорғаны, Алтын адам жайлы айтқан мәліметтері өте қызықты да тартымды болды.

Көз тартарлық нулы орман ағаштары мен қарағайлы Түрген таулары биік те, әдемі. Жартастарына күлай аққан кіші сарқыраманың кереметтеріне көз тоймайды. Осындай өсем табиғат аясында ән айтып, өзін жарастырған Сенат мүшелері қайтар жолда Түргеннің балық шаруашылығы мен Есік қаласының жанындағы түйеқұс фермасының тыныс-тіршілігімен танысып, олар жайлы тың, пайдалы, әрі қызықты білім алып қайтты.

Студенттер сенатының бұл саяхаты көңілді және қызықты студенттік өмірдің ең бір есте қалар сәті болды.

Әйгерім ӘЛІМЖАН



Қыркүйек айының 29 жұлдызында халықаралық қатынастар факультетінде Қазіргі шығыс тілдері кафедрасындағы студенттердің ғылыми-танымдық “Шығыс әлемі” үйірмесінің ұйымдастыруымен қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың 160 жылдығына арналған әдеби кеш өтті. Абай шығармашылығы бойынша кітап көрмесі ұйымдастырылып, онда Абай энциклопедиясы, Абайдың өлеңдері мен қара сөздер жинағы, М.Әуезовтің “Абай жолы” роман-эпопеясы, Абай туралы зерттеу еңбектер, ғылыми мақалалар қойылды. “Шығыс әлемі” үйірмесі мүшелерінің атсалысуымен Абайға арналған стенді дайындалды.

Ұлы Абайды ардақтаған кеш

Осы шараны ұйымдастыруға қазақ тілінің оқытушылары Абдвахитова Гүлбану, Тілеужанова Гүлхан, факультет деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ахметалиева Гүлшат, III курс студенттері Мырзабекова Ақмарал, Нартбаева Әсел, Пашаров Айдостардың қосқан үлестерін атап кеткен орынды.

Мәдени іс-шараны алғы сөзбен халықаралық қатынастар факультетінің

деканы, профессор Күралай Ертіскызы ашып, болашақ студенттерді Абайдың 160 жылдық мерейтойымен құттықтады, сондай-ақ “Шығыс әлемі” үйірмесінің мүшелеріне алғысын білдіріп, студенттерге ғылыми ізденістерде ізгі табыстар тіледі. Қазіргі шығыс тілдері кафедрасының меңгерушісі, доцент Ұлбала Тураппайқызы “Шығыс әлемі” үйірмесінің алдағы жұмыстарымен таныстырып, факультет табалдырығын

● “Шығыс әлемі” үйірмесі



жаңа аттаған студенттерді үйірменің ғылыми-зерттеу ісіне белсене атсалысуға шақырды. Сөз кезегі кештің қонағы ф.ғ.к., доцент, Өмірхан Әбдиманұлына берілді. Ол Абай шығармашылығын “Абай-ақын”, “Абай-ойшыл”, “Абай-тұлға”, “Абай-ғұлама” деп саралап баяндап берді. Абай шығармашылығы мен философиясының қазақ баласына қандай маңызды, қандай қажет екенін атап өтті. Өмірхан ағайдың мәнгерлеп оқуында Абай өлеңдері інжу-маржандай тегілді. Бәріміз бір сөз Абаймен бірге болғандай болдық...

Кеш халықаралық қатынастар факультетінің студенттері дайындаған концерттік бағдарламамен жалғасты. Студенттер өздерінің сүйікті Абай өлеңдерін нақышына келтіріп оқып, Абай поэзиясына деген ерекше ықыластарын танытты. Өлең оқып, ән орындауда ерек-

ше көзге түскен студенттер ретінде “Есінде бар ма жас күнің...” өлеңін оқыған Меруерт Мұқанованы, “Қараңғы түнде тау қалғып...” өлеңін оқыған Сәуле Өмірбекованы, “Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап...” өлеңін оқыған Балжан Мелисованы, “Желсіз түнде жарық ай” өнін айтқан Наталья Дешикті, халық өндерін домбырамен орындаған Гүлфара Үмбетованы, Абай өлеңдерінің аудармасын ағылшын тілінде оқыған магистрант Нұржан Айтмахановты атап өтуге болады.

Кездесу Абайдың лирикалық әсем, сазды өні “Көзімнің қарасын” жиынға қатысушылардың түгелдей қосылып айтуымен аяқталды. Ал осы сәтте халықаралық қатынастар факультетінің оқу залында Абай рухы асқақтап тұрғандай болды.

Сафура БӨРІБАЕВА

● Факультетте

Жаңа ДЕКАНМЕН жүздесу

ҚазҰУ-де әсерлі кештер мен естен кетпес кездесулер, әр түрлі тақырыптағы дөңгелек үстелдер мен басқосулар көп өтетіні белгілі. Ректорымыз Т.Ә. Қожамқұловтың әрбір факультеттің белсенді студенттерімен, оқу озаттарымен кездесіп, олардың көкейіндегі сұрақтарға жауап беріп, пікірлерін естіп, ой болісуі осының дәлелі.



Осындай кездесулердің факультеттерде де жалғасын табуы көңіл қуантады. Қазан айының 5-і күні Экономика және бизнес факультетінің жаңа деканы, э.ғ.д., Е.Б. Жатқанбаев факультетіміздің оқу озаттары, белсенділері, топ басылары және Президент шәкіртақысының иегерлерімен кездесу өткізді. Жаңа оқу жылында факультет алдында тұрған міндеттерді талқылап, онымен бөлісуге декан орынбасарлары Л.А. Бимендиева, Ф.Ә. Лесбсков, сондай-ақ өзге де факультет ұстаздары келді.

Декан Президент шәкіртақысын иеленген 7 студентті қуаныштарымен құттықтап: “Ары қарай да жетістікке жетіп, еліміздің гүлденіп дамуына үлес қоса беріңдер” деген ұстаздық тілегін білдірді.

Республикамызда болып жатқан оң өзгерістерге тоқталып, халықтың әл-ауқатының көтерілуі, ел экономикасының қарқынды дамуының басты алғышарты – өз ісін жетік білетін маман даярлап шығару, оның нарықта сұранысқа ие болуы және тек маман емес, ұлт тағдырына, болашағына бей-жай қарамайтын азамат тәрбиелесуде екендігі жайында айтқан ойлары студенттердің көңілінен шықты. Сонымен бірге, жаңа декан оқу процесіне қатысты сұрақтарға жауап беріп, жастардың көкейіндегі көп мәселелердің жуырда шешімін табатындығын айтты.

Кездесу соңында сөз алған кафедра меңгерушісі Б.Ж. Ермекбаева мен Д. Тоқтасынұлы да жаңа оқу жылында бәріне табыс тіледі. Факультет мәслихаты кездесуге қатысқан студенттерге, факультет басшылығына ризашылығын білдірді.

Жазира ДӘУРЕНБЕКОВА

“Танысып қоялық, БАЛМҰЗДАҚ”

Үлкенге қызмет көрсету, кішіге қамқор болу – халық өсиеті. Бұл ұлағат журналистика факультетінің жатақханасында жаңа бастамаға ұласты. “Танысып қоялық, балмұздақ” деген атпен әсерлі кеш – осының дәлелі.

Жоғары курс студенттері жаңа да жайлы жатақханаға жайғасқан “балмұздақтарды” қабылдау рәсімін өткізіп, өз өнерлерін паш етті.

Университет табалдырығын енді ғана аттаған жас ізденушілер де қаны қалмады. Ринат Қайыртайұлы (1-курс студенті) “балмұздақтардың” бетін ашып, өздерінен үлкен аға-әпкелеріне және жатақхана қызметкерлеріне иіліп сәлем бергізді.

Жатақхана Студенттік кеңесінің төрағасы Бағдат Қаппаровтың бастамасымен және факультет деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бақыт Оқанқызының қолдауымен өткен осындай қазақы қалжың мен сынайы сыйластыққа өрілген кеш баршаның көңілінен шықты.

Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ

Қыркүйектің 29-ы күні филология факультетінде студенттер мәслихатының ұйымдастыруымен “Жігіттер” квартетімен кездесу кеші болып өтті.

“Жігіттер” квартеті – назды әндерімен көпшілік жүрегінен жылы орын алған жас топ. Олар – Шәмші Қалдаяқов атындағы байқаудың бас жүлде иегерлері. Одан кейін де республикалық “Арай”, “Жас толқын” байқауларында дипломант атанған. Аз ғана уақыттың ішінде жұлдыздар тобына жарқырай қосылып келе жатқан “Жігіттер” квартетінің жігіттері шеттерінен ақылына көркі сай, кілең сайдың тасындай “сегіз қырлы – бір сырлы” екендіктері осы кеште анық байқалды. Олар талантты ғана емес, өздеріне талапты да қатал қоятындықтары және әндердің әуені мен өлең мәтінінің мазмұнына ерекше мән беретіндіктері әңгіме барысына арқау болды.

ӘН СИҚЫРЛАЫ
СӘТТКЕ БАЙ

Кездесу кеші негізінен “Жігіттер” квартетінің мүшелері (Айдар Тұрғынбекұлы, Еркін Нұржанов, Бағлан Әбдірайымов, Ердос Қанаев) мен топ продюсері Ерғали Әбдірайымов ағаның осы топтың құрылған кезінен бергі бастарынан кешкен оқиғаларын әңгімелеуден басталып, студенттердің сұрақтарына жауап берумен жалғасын тапты. Әсіресе, Ташкент қаласында “Ерке қыз” өніне түсірілген бейнеклип кезінде болған қызықты оқиғаларын тыңдаған көпшілік бір сергіп қалды. Аталған бейнеклипке түскен филология факультетінің 5-курс студенті Садырова Анардың да осы кешке қатысуы көңілге қуаныш ұялатты. Ол өзінің “Жігіттермен” алғаш қалай танысқанын және кейінгі достық қарым-қатынастары туралы әңгімелеп берді.

Кеште Д. Баймұхамбетова, Б. Мұратова, Б. Әбдіров, Г. Ерекенова сияқты өнерлі студенттер келген қонақтарға өннен шашу шашты.

Кездесу соңында “Жігіттер” квартеті “Бәрі де сен үшін”, “Ерке қыз”, “Мұңайма” әндерін орындап, жиналған қауымның көңіліне – ән, жүрегіне – нұр сыйлады.

Әйгерім ӘЛІМЖАН



● Алғашқы әсер

АРМЫСЫҢ, студенттік дәурен!

Бірінші қыркүйек. Дәл осы күннен бастап біздер, яғни филология факультетінің 1-курс студенттері университетке келіп, дәріс ала бастадық. Бірақ, әзір сабақ кестесі орнықпағандықтан, бірнеше топ бір аудиторияда ұлапылап отыратынбыз. Алғашқы күндері әрине, біздер үшін бәрі де қызық. Аудиториядағы соңғы орындарға жайғасып алып, “балмұздақ” студенттер бір-бірімен сыбырласып, танысып-білісіп жатқаны. Солардың біреуі тез арада-ақ жаңа достарын тауып үлгеріп жатса, енді біреулері жан-жағын оңша менсіңкіремей, өзінің “паңданып” жүр.



Тағы бір байқағаным, жатақханада тұратындар мен туыстарында орналасқандар екі бөлініп кетеді екен. Дегенмен, бұл жағдай тек оқу жылының басында ғана, өлі бір-бірін оңша танып-білмегендіктен болса керек деп топшыладым. Шынында, топ-топ боп бөлінгенде, бәріміз - біріміз, ал біріміз - бәріміз үшін атсалысуға дайын екенімізді таныттық.

Қазақстанның кең байтақ даласының әр түкпірінен келгендіктен, әркімнің қолданатын үйреншікті сөздері бар емес пе? Бар қызық дәл осыдан басталды. Біздің өңірден, яғни Алматы облысынан келгендер жағы басымдау екен. Сол себепті болар, осы жақтың өзіне тән “ерекше” сөздері құлаққа жиірек шалынып жатады. Сан жағынан екінші орында батысқазақстандықтар болып шықты. Олар біздің “сым”, “тал”, “бақыр” деген сияқты әдеттен тыс мағыналы сөздерімізге өз түсіндірме сөздігін құрастырады-ай дерсіз. Ал кей студенттер өмірлерінде тұңғыш рет естіп тұрған сөз тіркестерін түсінбей, аңтаң күй кешсе, енді біреулері оған қарап, ішек-сілесі қатады...

Осылайша, студенттік өміріміздің алғашқы қызықтары да басталды. Алда өлі төрт жыл бар... Армысың, студенттік дәурен!

Қарлығаш ДОСАНОВА



Қажылық

УМРА

Тағылымдары

Кыркүйек айының 23-і мен 29-ы күндері аралығында қазақстандық 180-ге жуық әдебиет пен өнер, мәдениет пен ғылым, спорт қайраткерлеріне Сауд Арабиясындағы Аллаһтың үйі – Мекке мен Мәдина қалаларына Умра қажылыққа бару бақыты бұйырып, осы тізімнің ішінде біздің университеттің төрт қызметкері – профессорлар Тұрсынбек Кәкішев пен Жоламан Түрікпенұлы, “Қазақ университеті” газетінің бас редакторы Бекжан Әшірбаев және осы жолдардың авторы да болды.

Жалпы, умраның ережелері үлкен қажылықтың ережелерімен бірдей болып саналып, ол Ихрам киюден, Аллаһқа мадақ айтудан басталады екен. Осы сапарымызда қажылықты өтеуге қойлатын барлық шарттарды орындадық.

Қажылық Қасиетті Қағбаны жеті рет айналадан басталып, Аллаһқа тауаф жасаумен жалғасады. Бір байқағанымыз, көп кісілер Қағбадағы кара тасқа кол тигізуге күш салады екен. Бірақ та бұл шарт болып саналмайды: оның тұсына келгенде қолды жоғары көтеріп, “Алаһу акбар!” деп айтса да жеткілікті.

Қажылықтан тыс біздің жоспарымызда Мәдина қаласындағы Мұхаммед пайғамбардың мешітіне зиярат ету де болды. Умра сапарында үш басты мешітке болып, намаз оқыдық. Ең үлкені – Меккедегі Қағба орналасқан “Мәсжит-ул харам” мешіті. Онда бір мезгілде миллионнан астам адам намаз оқи алады. Екіншісі – Мәдина қаласындағы “Мәжитун нәбуу” деп аталатын пайғамбар мешіті. Мұнда Мұхаммед пайғамбар мен оның досы Әбубәкір Омар халиф жерленген. Оған жақын маңда сахабалар жерленген орын – Қабырыстан бар.

Зиярат ету барысында пайғамбардың әйелі Қадиса ананың және Исламды қорғаушы пайғамбардың сахабалары жерленген қабірде болдық. Байқағанымыз, мұндағы пенделердің қабірлері ешбір ескерткішсіз және мазарларсыз табиғи түрде сақталып, сыртынан қоршалып қана қойылған.

Осы сапарда Исламның әлемді біріктіре алатын үлкен рухани күш, ал Мұхаммед пайғамбардың ұлы тарихи тұлға екенін айқын аңғардық. Арада XIV ғасыр өтсе де, қасиетті Құранның идеяларының ақиқаттығына таң қалмау, оған бас имеу мүмкін емес.

Т.О. ОМАРБЕКОВ,
Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар тарихы кафедрасының меңгерушісі,
т.ғ.д., профессор

Жыл сайын қазан айының бірінші жексенбісінде Алматы қаласының туған күні тойланатыны белгілі. Биыл да бұл мейрам ерекше аталып өтті десек, артық болмас. Қаламыздың Медеу, Алмалы, Түрксіб, Жетісу және Бостандық аудандарындағы мерекелік шаралардың әрқайсысы өзіндік сипатта болды. Қала күнінің қарсаңында қала тұрғындары сенбілікке шығып, сүйікті қаласын бір тазалап алды.

Арман қала Алматының мерекесі таңертеңнен Республика алаңында басталып кетті. Мерекелік шеруді рокерлер тобы мен велосипедтің құлағында ойнаған спортшылар бастап, өнер жұлдыздарының тобы жалғастырды.

ҚазҰУ-ліктер ҚАЛА КҮНІН ТОЙЛАДЫ

Әрине, біздің ҚазҰУ да туған қаласының туған күнін атқаруға қызу атсалысқандардың қатарынан көрінді. Әдеттегідей, жоғары оқу орындарының маңдайалдысы болып шыққан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың алаңдағы шараларына Тіл және тәрбие саласының қызметкерлері белсене араласты. Нақтырақ айтар болсақ, қара шаңырағымыздың бет-бейнесін танытатын көрме ұйымдастырылып, онда оқу ордамыздың 70 жылдық мерейтойы

мен Ұлы Отан соғысының 60 жылдығына орай жарық көрген бірқатар кітаптар және университеттегі 13 факультет жайында толыққанды ақпарат беретін туындылар қойылды.

Ұлттық киім киінген студенттер болса, көздің жауын алар көркімен алаңдағы бір де бір адамды бей-жай қалдырмады. Олар бірге суретке түсуді өтінген әр адамға өздерінің ҚазҰУ-дан келген өкілдер екенін зор мақтанышпен ай-

тып тұрды.

Сонымен қатар, айтуға тұрарлық тағы бір нәрсе, университетімізден барған өнерпаздар тобы мерекесіне жиі келген көпшілікті ән-жырымен тәнті етті. Әсіресе, Студенттер клубының қызметкері Ю. Копнов қазақша әнін күйкылжыта жөнелгенде, тандайын қақпаған адам кем де кем еді.

Міне, осындай дайындықпен, қала күнінің қызықты өтуіне ҚазҰУ да зор үлесін қоса білді.

Толқын САЛЖЕЕВА



Гражданская оборона



Навыки спасателя – В АРСЕНАЛЕ СТУДЕНТА

14 октября 2005 года в спорткомплексе КазНУ штабом ГО совместно с кафедрой “Безопасность жизнедеятельности” были проведены тактико-специальные учения, в которых принял участие личный состав формирований всех факультетов.

Перед формированиями гражданской обороны факультетов стояла задача отработать нормативный перечень действий, связанных с ликвидацией последствий стихийного бедствия или катастрофы техногенного характера: спасение пострадавших, оказание им первой медицинской помощи, локализация и тушение пожара, ведение радиационной и химической разведки, обеспечение сотрудничества и студентов средствами индивидуальной защиты.

В проведении данного мероприятия была задействована группировка гражданской обороны университета численностью 710 человек, в том числе 7 спасательных команд, 4 санитарные

дружины, 2 группы радиационной и химической разведки. Был развернут пункт выдачи средств индивидуальной защиты.

По итогам проведения тактико-специальных учений лучшие результаты показали формирования гражданской обороны следующих факультетов: философии и политологии, географического, филологического, исторического, физического, химического.

З.Х. АХМЕДИЕВА,
завкафедрой БЖД, доцент,
А.М. ОЛИНИЧЕНКО,
начальник штаба ГО

Фотоэтиюд Фотоэтиюд Фотоэтиюд Фотоэтиюд Фотоэтиюд Фотоэтиюд Фотоэтиюд Фотоэтиюд Фотоэтиюд



Жаньма жұлдыз аққан түн ұнайды,
Алмады-ау үмітімнің бірі бәйгі,
Отансыз қалғаныңдай күй кештірер,
Тонатқан сезімдіңді ұлы қайғы...
Бекжан ӘШІРБАЕВ

Марина МӘШКЕНОВА,
Экономика және бизнес
факультетінің 1-курс
студенті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты.

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ -ректор;
Н. ОМАНШҰЛЫ - проректор;
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;
М.Т. МҰҚАШЕВА - “Парасат” кәсіподағының төрайымы;
А.А. ШВЫДКО - ақпараттық-сараптамалық бөлімнің бастығы;
Ғ.СЕРІМ - “Сұңқар” студенттер кәсіподағының төрағасы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор - Бекжан Әшірбаев;
Бас редактордың орынбасары - Нәйлә Садықова;
Жауапты хатшы - Дариға Амангельдиева;
Көркемдеуші-беттеуші - Нұрлан Өмірәлиев;
Фототілші - МАМЫРЖАН;
Кезекші редактор - Алма Сайлауқызы

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

Нөмір редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. “Полиграфсервис” баспаханасында (Жандосов көшесі - 55) 31.10.2005 жылы басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы- 3000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. № 360 тапсырыс.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

“Қазақ университетіне” жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.